

А.Е. Егинбаева*, К.Н. Бақытжан

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
**Хат-хабарларға арналған автор: aeginbaeva@mail.ru*

Ақтөбе облысы халқының табиғи өсуі және көші-қон процесі

Мақалада Ақтөбе облысы халқының табиғи өсу және көші-қон процестері, олардың динамикасы, негізгі факторлары мен салдары қарастырылған. Талдау Қазақстанның Ұлттық статистика бюросының деректеріне, ғылыми жарияланымдарға және социологиялық зерттеулердің нәтижелеріне негізделген. Туу мен өлім-жітімнің өзгеруі, ішкі және сыртқы көші-қон, олардың кеңістіктік ерекшеліктері және әлеуметтік-экономикалық салдары зерделенген. Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік факторларды қоса алғанда, көші-қон ағындарының негізгі себептеріне назар аударылған. Статистикалық, картографиялық және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Алынған нәтижелер өңірдің қазіргі заманғы демографиялық үрдістерін анықтауға және көші-қон процестерін реттеу және халықтың табиғи өсімін арттыру жөніндегі шараларды ұсынуға мүмкіндік береді. Нәтижелер демографиялық және көші-қон саясатымен айналысатын мемлекеттік органдар үшін, сондай-ақ халықтар географиясы мен әлеуметтік демография саласындағы зерттеушілер үшін пайдалы болуы мүмкін.

Кілт сөздер: демография, табиғи өсім, туу коэффициенті, өлім-жітім, көші-қон, Ақтөбе облысы, демографиялық динамика, көші-қон ағындары.

Кіріспе

Әлемнің заманауи демографиялық ландшафты аймақтар мен жалпы елдердің дамуына әсер ететін бірқатар маңызды сын-қатерлер мен өзгерістермен ерекшеленеді. Бұл тұрғыда Қазақстанның батыс бөлігінде орналасқан Ақтөбе облысы ерекше орын алады. Өзінің бірегей тарихымен, мәдениетімен және экономикалық ерекшеліктерімен сипатталатын бұл аймақ Қазақстанға да, көптеген басқа елдерге де тән бірқатар демографиялық мәселелері де бар [1].

Ақтөбе облысы маңызды әкімшілік, экономикалық және мәдени орталық ретінде жаһандық және өңірлік демографиялық үрдістерге байланысты өзгерістерге ұшырауда. Олардың негізгілері — халық құрылымының өзгеруі, көші-қон процестері, туу мен өлім деңгейі, сондай-ақ демографиялық жағдайға әсер ететін әлеуметтік-экономикалық факторлар. Бұл факторлар аймақтың әлеуметтік және экономикалық тұрақтылығына, оның дамуы мен халықтың әл-ауқатына айтарлықтай әсер етеді.

Тақырыптың өзектілігі — осы аймақтағы демографиялық процестерді зерттеудің маңыздылығына назар аударатын бірқатар негізгі факторлармен анықталады. Біріншіден, халықтың құрылымындағы өзгерістер, көші-қон ағындары және туу мен өлім-жітім деңгейінің ауытқуы сияқты жаһандық және аймақтық демографиялық сын-қатерлер аймақтар мен елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей септігін тигізеді. Ақтөбе облысы Қазақстанның маңызды бөлігі бола отырып, өзінің бірегей демографиялық ерекшеліктеріне ие, оларды зерделеу жергілікті демографиялық проблемаларды түсіну және шешу үшін өте маңызды [2].

Материалдар мен әдістер


Қазақстанның демографиялық даму мәселелері А.Г. Салихов, Т.Г. Есполов, С.К. Көшербаев, Л.А. Трусов сияқты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде, сондай-ақ ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің есептерінде зерттелген. Алайда, ғылыми жарияланымдардың болуына қарамастан, қазіргі жағдайда Ақтөбе облысы халқының табиғи өсімі мен көші-қон динамикасын кешенді талдау жеткілікті зерттелмеген күйінде қалып отыр. Зерттеу мәселесі Ақтөбе облысы халқының табиғи өсуі мен көші-қонына әсер ететін негізгі тенденциялар мен факторларды анықтау, сондай-ақ олардың аймақтағы демографиялық жағдайға әсерін бағалау [3].

Зерттеу ресми статистикалық деректерді талдауға, сондай-ақ демографиялық талдаудың сандық және сапалық әдістерін қолдануға негізделген. Зерттеу әдістері: *статистикалық талдау* — Қазақстанның Ұлттық статистика бюросының туу, өлім-жітім және көші-қон туралы деректерін өңдеу; *картографиялық әдіс* — көші-қон ағындарының кеңістікте бөлінуін визуализациялау;

социологиялық әдіс — көші-қон себептері туралы халықтың сауалнамаларының деректерін талдау; *салыстырмалы талдау* — Ақтөбе облысының демографиялық көрсеткіштерін Қазақстанның басқа өңірлерімен салыстыру. *Зерттеу материалдары:* демография бойынша мемлекеттік статистикалық есептер, ғылыми жарияланымдар және тақырып бойынша аналитикалық зерттеулер, демография және көші-қон саясаты саласындағы сарапшылармен сұхбат.

Нәтижелер және оларды талқылау

Халықтың табиғи өсуі (кемуі) — халықтың табиғи қозғалысы нәтижелерінің көрсеткіші. Ол ағымдағы уақыт аралығындағы туылғандар мен қайтыс болғандар санының айырмашылығын білдіреді. Сәйкесінше, қайсысының мәні үлкен болуына байланысты оң не теріс, яғни өсу не кему болады. Әдетте, табиғи өсім коэффициенті жыл ішіндегі 1000 адамға шаққандағы көрсеткіш, туу коэффициенті мен өлу коэффициентінің айырмасына тең есептеледі. Ақтөбе облысының соңғы онжылдықтағы табиғи өсімінің динамикасы 1-суреттегі графикте көрсетілген.




1-сурет. 2013-2023 жылдар аралығындағы Ақтөбе облысы халқының табиғи өсімінің динамикасы
Ескертпе — [4], [5],[6] әдебиеттер көзіне негізделіп, авторлар құрастырған

Графиктен көріп отырғанымыздай, табиғи өсімнің ең жоғары байқалған кезі — 2015 жыл, 17,41% болған, бұл дегеніміз өлім коэффициенті мен туу коэффициенті үлкен айырмашылық жасағанын білдіреді. Табиғи өсім коэффициенті 2017 жылға дейін біртіндеп төмендеп жатқанын байқауға болады. Тек 2023 жылы 2013 жылдан бері байқалған өлім коэффициентінің ең минималды көрсеткішіне ие болғанына қарамастан, туылғандар санының аз болуына байланысты туу коэффициенті де аз болғаны үшін табиғи өсім салыстырмалы түрде аз.

2023 жылғы қаңтар-ақпанда облыс халқының табиғи өсімі 2,1 мың адамды құрады, жаңа туған нәрестелер саны 3,1 мың адамға жетті. 2022 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда табиғи өсім 11 %, бала туу 0,8 % өсті, өлім-жітім 16,6 % азайғаны байқалып отыр. Некелер саны 7,1 % кеміді, ажырасулар саны 37,8 % өсті.

Ал облыс ішінде жекелеген аудандардағы жағдай қалай екендігін 2-суреттегі картадан көруге болады. Онда 2012-2023 жылдар аралығындағы табиғи өсім коэффициентінің Ақтөбе облысының аудандарындағы мәндері көрсетілген.

Облыста тұрғындардың экономикалық белсенділік көрсетіп, көш бастайтын Қарғалы (79,5), Ойыл (79,4), Байғанин (79,3) және Әйтеке би (79,2) аудандары. Аудандардың талдауы дегенмен барлық аудандар емес белсенділіктің биік деңгейімен позитивті тенденцияларды алып жүретінін көрсетеді. Мысалға, 2004 жылы Ойыл ауданында экономикалық тұрғыдан белсенді халық (83 %) 11,0 мың адамды құрады, ал 2021 жылы 11,7 мың адам, бірақ экономикалық белсенділік деңгейі 79,4 % төмендеді.




2-сурет. 2013-2023 жылдар аралығындағы Ақтөбе облысы халқының табиғи өсім коэффициентінің картасы
 Ескертпе — [4], [5],[6] әдебиеттер көзіне негізделіп, авторлар құрастырған

Көші-қон. Кез келген аумақтың демографиялық жағдайын зерттеу барысында көші-қон процестерінің ескерілуі маңызды. Себебі, ол тек қана халық санын өзгертіп қана қоймай, оның жастық, жыныстық, ұлттық және өзге де құрамын өзгертуге тікелей әрі қысқа уақыт аралығында әсер ете алады. Сонымен бірге көші-қон процесі сол территориядағы халықтың қалыптастырушы күші болуы да мүмкін. Көші-қонның түрі екі түрлі болуы мүмкін: белгілі территорияның ішіндегі көші-қон немесе территорияның шекарасынан тыс жерге миграция. Территориядан тыс миграцияның өзі мемлекетішілік және халықаралық бола алады [7], [8].


Картада көрсетілген Ақтөбе облысының миграциялық ағымдарының көрсеткіштері ауданнан ауданға қанша адамның көшіп келгенін немесе кеткенін білдіреді. Миграциялық ағымдар — бұл ауданға келіп қосылған немесе ауданды тастап кеткен халық санының айырмасын көрсетеді. Бұл динамика халықтың көші-қон саясаты, экономикалық мүмкіндіктер, әлеуметтік қызметтердің деңгейі сияқты көптеген факторлардың әсерінен қалыптасады. Картадағы бағандардың түсі мен биіктігі аудандар арасындағы миграциялық ағымдардың сандық мәндерін білдіреді. Жасыл түс — ауданға көшіп келгендердің санын, қызыл түс — кеткендердің санын, сары түс — аудандағы халық санының тұрақты өзгерісін көрсетеді. Түстердің жарқындығы мен бағандардың биіктігі миграциялық ағымның күшін білдіреді.

Теріс көші-қонның айырмасы қалыптасты және ол 565 адамды құрады (2023 жылғы қаңтар-ақпанда — 62 адам), оның ішінде сыртқы көші-қонда — 64 адам, оң көші-қон айырмасы (154), ішкі көші қонда теріс көші-қонның айырмасы — 629 (-216 адам). Ақтөбе облысының көші-қон айырымы, әдетте, теріс мәнге ие. Ал нақты мәндері 3-суреттегі графикте 2013-2023 жылдар аралығындағы динамикасынан көрінеді.




3-сурет. 2013-2023 жылдар аралығындағы Ақтөбе облысы халқының көші-қон айырымы
 Ескертпе — [5],[6] әдебиеттер көзіне негізделіп, авторлар құрастырған

Көші-қон айырымының графигінен тұрақты кемуді байқауға болады. Тек 2016 бен 2019 жылдағы ірі айырмашылық болды. 2013-2023 жылдар аралығында көші-қон айырымы біркелкі теріс мәнге ие болған. Бұған негізгі себеп — әр түрлі мақсаттармен облыстан кететіндердің санының келетіндер санынан басым болатындығын білдіреді. Картада көрсетілген (4-сурет) статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, Ақтөбе облысындағы миграциялық ағымдардың өзгерісі және олардың әлеуметтік-экономикалық дамуға ықпалын талдауға болады [10].



4-сурет. 2013-2023 жылдар аралығындағы Ақтөбе облысы халқының көші-қон картасы
 Ескертпе — [6],[9] әдебиеттер көзіне негізделіп, авторлар құрастырған

Картада аудандар арасындағы көші-қон сандарының айырмашылығы анық көрінеді, бұл аудандағы жұмыс орындарының саны, білім беру мен денсаулық сақтау мекемелерінің деңгейі сияқты факторлармен байланысты болуы мүмкін. 2023 жылғы қаңтар-мамырда республикадан тыс жерлерден облысқа 447 адам келген, ал 210 адам кеткен (2022 жылы 102 адам, кеткендер саны — 430 адам). Шетелден келгендер санынан 145 қазақтар, 153 орыстар, 39 украиндар болды. Облыстан Қазақстаннан тыс жерлерге кеткендердің ішінде 13 қазақтар, 95 орыстар, 60 украиндар болды [11].



5-сурет. Ақтөбе облысының 2023 жылдары облысқа келгендер мен кеткендердің үлесі мен бағыты
Ескертпе –[5],[6] әдебиеттер көзіне негізделіп, авторлар құрастырған

Өңіраралық көші-қонда есепті кезеңде келгендер саны 2022 жылғы қаңтар-мамырмен салыстырғанда 1,6 % кеміді (2023 жылы — 2140 адам, 2022 жылы — 2174 адам), кеткендер саны 3,5 % кеміді (2023 жылы — 2752 адам, 2022 жылы — 2851 адам), көші-қон сальдосы — 612 адамды құрады (2022 жылы — 677 адам). 2023 жылғы қаңтар-мамырда облыс шегінде тұрғылықты жерін өзгерткендер саны 8028 адамды құрады, 2022 жылғы қаңтар-мамырда 8634 адам, немесе 7 % аз. Облысқа келгендер мен кеткендердің негізгі ағымының қайдан, қандай дәрежеде екені 5-суреттегі диаграммаларда салынған.

Қорытынды

Ақтөбе облысының демографиялық ахуалына кешенді сипаттау жүргізілді. Бұл жұмыс демографиялық ахуалды кешенді зерттеудің принциптері мен 4 компонентін (динамикалық, сандық, сапалық, территориялық) негізге ала отырып жасалынды. Әрі кесте, карта, диаграмма, графиктер түрінде ұсынылды.

Ақтөбе облысының демографиялық жағдайының 2013-2023 жылдар аралығындағы динамикасы анықталды: оның ішінде халық саны ағымдағы деректер бойынша 2023 жылдың 1 ақпанына облыс халқының саны 797,0 мың адамды құрады, соның ішінде қалалық жерде — 491,2 мың (61,6 %), ауылдық жерде — 305,8 мың адам (38,4 %), 2023 жылғы қаңтар-ақпанда облыс халқының табиғи өсімі 2,1 мың адамды құрады, жаңа туған нәрестелер саны 3,1 мың адамға жетті. 2022 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда табиғи өсім 11 %, бала туу 0,8 % өсті, өлім-жітім 16,6 % азайғаны байқалып отыр. 2013-2023 жж. аралығында көші-қон айырымы біркелкі теріс мәнге ие болған. Бұған негізгі себеп — әр түрлі мақсаттармен облыстан кететіндердің санының келетіндер санынан басым болатындығы байқалды.

Жалпы, Ақтөбе облысының қазіргі заманғы демографиялық мәселелерін 2013-2023 жылдар аралығындағы демографиялық үдерістердің динамикасына талдау жасалынды. Әрбір демографиялық

үдерістердің белгілі бір уақыт ішінде өзгеруін диаграмма, кесте және карталар түрінде беріліп, жоғары және төменгі мәндері көрсетілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Кусаинов К.Т. Демографическая ситуация в западных регионах Казахстана / К.Т. Кусаинов // Вестник КазНУ. Серия географическая. — 2020. — 45(2). — С. 123–130.
- 2 Баймуханов Н.А. Демографические изменения в Актыбинской области: анализ и прогнозы / Н.А. Баймуханов // Региональные проблемы развития. — 2021. — 12(4). — С. 98–105.
- 3 Аубакирова Ж.С. Демографическая безопасность Казахстана: потенциал, риски и перспективы [Электронный ресурс] / Ж.С. Аубакирова, А.Н. Алексеенко, Э.О. Столярова, Н.Л. Краснобаева, Т.Е. Әмірзақ. — 2022. — Режим доступа: <https://www.ektu.kz/dsr/publications/monographs/demograficheskaia-bezopasnost-kazakhstan-potentsial-riski-i-perspektivy.aspx>
- 4 2022 жылғы алдын-ала деректер. Қысқаша статистикалық жылнама. — [Электрондық ресурс]. — Ақтөбе, 2023. — 138 б. — Қолжетімділігі: <http://www.stat.gov.kz> (жүгінген күні 11.03.2024)
- 5 Қазақстанның демографиялық жылнамалығы. — [Электрондық ресурс]. — Ақтөбе, 2013. — 308 б. — Қолжетімділігі: <http://www.aktobe.stat.kz/> (жүгінген күні 11.03.2024)
- 6 Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақтөбе облысы бойынша департаменті. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <http://www.stat.gov.kz/> (жүгінген күні 11.03.2024)
- 7 Ермекова Л.К. Миграционные процессы в Республике Казахстан: причины, последствия, регулирование [Электронный ресурс] / Л.К. Ермекова. — Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2019. — Режим доступа: <https://e-history.kz/ru/library/show/24069>
- 8 Ахметова Г.С. Влияние миграции на социально-экономическое развитие регионов Казахстана / Г.С. Ахметова // Известия НАН РК. Серия общественных наук. — 2017. — № 3(319). — С. 45–52.
- 9 2019–2024 жж. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Баспасөз қызметі. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://primeminister.kz/> (жүгінген күні 11.03.2024)
- 10 Айтбаев Е.Е. Миграционные процессы в странах Центральной Азии [Электронный ресурс] / Е.Е. Айтбаев, А.М. Мырзахметова // Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право. — 2016. — 72(4). — Режим доступа: <https://bulletin-ir-law.kaznu.kz/index.php/1-mo/article/view/373>
- 11 Дуйсебаева К.Д. Географические особенности миграционных процессов в странах Центральной Азии [Электронный ресурс] / К.Д. Дуйсебаева, А.С. Акашева, А.М. Рыскельдиева // Вестник КазНУ. Серия географическая. — 2016. — 40(1). — Режим доступа: <https://bulletin-geography.kaznu.kz/index.php/1-geo/article/view/188>

А.Е. Егинбаева, К.Н. Бақытжан

Естественный рост и миграционный процесс населения Актыбинской области

В статье рассмотрены процессы естественного прироста и миграции населения Актыбинской области, их динамика, основные факторы и последствия. Анализ основан на данных Национального бюро статистики Казахстана, научных публикаций и результатах социологических исследований. Рассмотрены изменения рождаемости и смертности, внутренняя и внешняя миграция, их пространственные особенности и социально-экономические последствия. Особое внимание уделяется основным причинам миграционных потоков, включая экономические, экологические и социальные факторы. В исследовании применялись методы статистического, картографического и сравнительного анализов. Полученные результаты позволили выявить современные демографические тенденции региона и предложить меры по регулированию миграционных процессов, а также повышению естественного прироста населения. Результаты могут быть полезны государственным органам, занимающимся демографической и миграционной политикой, а также исследователям в области географии населения и социальной демографии.

Ключевые слова: демография, естественный прирост, рождаемость, смертность, миграция, Актыбинская область, демографическая динамика, миграционные потоки.

A. Yeginbayeva, K. Bakytzhan

Natural growth and migration process of the population of Aktobe region

The article examines the processes of natural growth and migration of the population of Aktobe region, their dynamics, main factors and consequences. The analysis is based on data from the National Bureau of Statistics of Kazakhstan, scientific publications and the results of sociological research. The changes in fertility and mortality, internal and external migration, their spatial features and socio-economic consequences are considered. The main focus is on the main causes of migration flows, including economic, environmental and social factors. Methods of statistical, cartographic and comparative analysis were used. The results obtained make it possible to identify current demographic trends in the region and propose measures to regulate migration processes and increase natural population growth. The results may be useful to government agencies involved in demographic and migration policy, as well as researchers in the field of population geography and social demography.

Keywords: demography, natural growth, birth rate, mortality, migration, Aktobe region, demographic dynamics, migration flows.

References

- 1 Kusainov, K.T. (2020). Demograficheskaya situatsiya v zapadnykh regionakh Kazakhstana [Demographic situation in the western regions of Kazakhstan]. *Vestnik Kazakhskogo Natsionalnogo Universiteta. Seriya geograficheskaya — Bulletin of Kazakh National University. Geographical series*, 45(2), 123–130 [in Russian].
- 2 Bajmuhonov, N.A. (2021). Demograficheskie izmeneniya v Aktiubinskoi oblasti: analiz i prognozy [Demographic changes in Aktobe region: analysis and forecasts]. *Regionalnye problemy razvitiya — Regional problems of development*, 12(4), 98–105 [in Russian].
- 3 Aubakirova, Zh.S., Alekseenko, A.N., Stolyarova, E.O., Krasnobaeva, N.L., & Omirzak, T.E. (2022). Demograficheskaya bezopasnost Kazakhstana: potentsial, riski i perspektivy [Demographic security of Kazakhstan: potential, risks and prospects]. Retrieved from <https://www.ektu.kz/dsr/publications/monographs/demograficheskaya-bezopasnost-kazakhstana-potentsial-riski-i-perspektivy.aspx> [in Russian].
- 4 (2023). 2022 zhylgy aldyn-ala derekter. Qysqasha statistikalyyq zhylnama [Preliminary data for 2022. Brief statistical yearbook]. Aktobe. Retrieved from <http://www.stat.gov.kz> (date of request 11.03.2024) [in Kazakh].
- 5 (2013). Qazaqstannyn demografiialyyq zhylnamalygy [Demographic annals of Kazakhstan]. Aktobe. Retrieved from <http://www.aktobe.stat.kz/> (date of request 11.03.2024) [in Kazakh].
- 6 Qazaqstan Respublikasynyn Strategiialyyq zhosparlau zhane reformalar agenttigi Ultyq statistika biurosynyn Aqtobe oblysy boynsha departamenti [Department of the Bureau of national statistics of the agency of the Republic of Kazakhstan for Strategic Planning and reforms in Aktobe region]. Retrieved from <http://www.stat.gov.kz/> (date of request 11.03.2024) [in Kazakh].
- 7 Ermekova, L.K. (2019). Migratsionnye protsessy v Respublike Kazakhstan: prichiny, posledstviya, regulirovaniye [Migration processes in the Republic of Kazakhstan: causes, consequences, regulation]. Astana: Evraziiskii Natsionalnyi Universitet imeni L.N. Gumileva. Retrieved from <https://e-history.kz/ru/library/show/24069> [in Russian].
- 8 Ahmetova, G.S. (2017). Vliyanie migratsii na sotsialno-ekonomicheskoe razvitiye regionov Kazakhstana [The impact of migration on the socio-economic development of Kazakhstan's regions]. *Izvestiya Natsionalnoi Akademii Nauk Respubliki Kazakhstan. Seriya obshchestvennykh nauk — News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Social Sciences Series*, 3(319), 45–52 [in Russian].
- 9 2019–2024 zhyldardagy Qazaqstan Respublikasy Ukimetinyn Baspasoz qyzmeti [2019–2024 Press service of the Government of the Republic of Kazakhstan]. Retrieved from <https://primeminister.kz/> (date of request 11.03.2024) [in Kazakh].
- 10 Ajtbaev, E.E., & Myrzahmetova, A.M. (2016). Migratsionnye protsessy v stranakh Tsentralnoi Azii [Migration processes in Central Asian countries]. *Vestnik Kazakhskogo Natsionalnogo Universiteta. Seriya mezhdunarodnye otnosheniya i mezhdunarodnoye pravo — Bulletin of Kazakh National University. International Relations and International Law series*, 72(4). Retrieved from <https://bulletin-ir-law.kaznu.kz/index.php/1-mo/article/view/373> [in Russian].
- 11 Dujsebaeva, K.D., Akasheva, A.S., & Ryskeldieva, A.M. (2016). Geograficheskie osobennosti migratsionnykh protsessov v stranakh Tsentralnoi Azii [Geographical features of migration processes in Central Asian countries]. *Vestnik Kazakhskogo Natsionalnogo Universiteta. Seriya geograficheskaya — Bulletin of Kazakh National University. Geographical series*, 40(1). Retrieved from <https://bulletin-geography.kaznu.kz/index.php/1-geo/article/view/188> [in Russian].

Information about the authors

Yeginbayeva Aigul Yessengaliyevna — PhD, Associate Professor of the Department of Physical and Economic Geography, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; e-mail: *aeginbaeva@mail.ru*;

Bakytzhan Kamila — 4th year student of the educational program 6B05209 — “Geography” of the Department of Physical and Economic Geography, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; e-mail: *camila.bakytzhan@gmail.com*.